



Бекітемін:
ЖШС «Балнұр»
б/балабакашасының
мендерушісі Ә. Толстенова

Білім беру үйімі: ЖШС «Балнұр» б/б

Тобы: ортаңғы «Балапан»

Балалардың жасы: 3 жастағы балалар

Жоспардың құрылу кезеңі: қыркүйек 2023 жыл

Айы	Үйымдастырылған іс-әрекет	Үйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
Кыркүйек	Дене шынықтыру	<p>Жалпы дамытушы жаттығулар. Көзben бағдарлай отырып, ауызша нұсқаулармен ойын түріндегі жаттығуларды (жануарлардың қозғалысына еліктеу) педагогпен бірге орындауға үрету. Жаттығуларды заттармен және заттарсыз орындау.</p> <p>Негізгі қимылдар:</p> <p>Жүру. Белгілібіртапсырмаларды орындаарқылыеркінжүрүжәнежүргудыларынқалыптастыру: саптабір-бірлеп, бірініңартынанбірі, тіzenіжоғарықөтеріпжүру, аралықтысақтайотырып, бағыттыөзгертіпқолменаяққозғалыстарынүйлестіру, шенбербойлап, қолұстасып, арқаннанұстап, тоқтайқалып, жүрелеп, бұрылып, "жыланша", заттардыайналыпетіп, төбешіккешеңізжәнетөбешіктентүсіспапенжүру;</p>
	Сөйлеуді дамыту	<p>Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті.</p> <p>Дағдыларды қалыптастыру:</p> <p>дауысты (а, ә, е, о, ұ) және кейбір дауыссыз (п-б, к-қ, т-д, ж-ш, с-з) дыбыстарды айта білуге үрету;</p> <p>Сөздік қор:</p> <p>1) ойын мен ойын жаттығулары арқылы сөздік қорын кеңейту;</p>

	<p>Тілдің грамматикалық құрылымы: 1) сөздерді жіктелуіне, септелуіне қарай байланыстыру,</p> <p>Байланыстырып сөйлеу: Келесі дағдыларды қалыптастыру: 1) суреттерді, заттарды қарастыруда, тірі және өлі табиғат нысандарын бақылау кезінде байланыстырып сөйлеу;</p> <p>2) шағын тақпақтар мен өлеңдерді жаттау;</p>
Көркем әдебиет	<p>Оқу, әңгімелеу. Балаларға: ертеғілердің мазмұнын түсінуге, тындауға, бейнелі сөздерді есте сақтауға үйрету.</p>
Қазақ тілі	<p>Сөздік қоры: 1) күнделікті өмірде жиі қолданылатын үй тұрмысындағы кейбір заттардың, көкеністердің, жемістердің, жануарлардың атауларын, апта күндерін, айлардың, жыл мезгілдерінің атауларын білдіретін туыстарын (іні, аға, сіңі, қарындас және басқалары) білдіретін сөздердің мағынасын дұрыс айту және түсіну дағдыларын қалыптастыру;</p>
Математика негіздері	<p>Жиын: Сан. "Көп", "біреу", "бір-бірден", "бір де біреуі жок" ұғымдары туралы түсініктерін қалыптастыру. Біргекті заттардан топтар құрастыру және олардың біреуін бөліп көрсету.</p>
Коршаған ортамен танысу	<p>Менің отбасым. отбасылық суреттерді қарауға және отбасы мүшелері мен олардың әрекеттерін атауға үйрету. "Отбасы", "Үй", "Демалыста" және басқа мазмұнды-рөлдік ойындарды үйимдастыру.</p>
Құрастыру	<p>Құрылымы материалдарынан құрастыру. Келесі дағдыларды қалыптастыру: әртүрлі түстегі және пішіндегі бөлшектерден қарапайым құрылыштар құрастыру.</p>
Сурет салу	<p>Заттық сурет салу. Түрлі бағытта тұра сызықтарды, олардың киылсысуын жүргізе білуді қалыптастыру:</p>

	көкөністер мен жемістерді, ыдыстарды, ойыншықтарды, жануарларды бейнелеу, дөңгелек пішінді заттардың суретін салу (шарлар, бұлт, күн);
Мұсіндеу	<p>Заттық мұсіндеу. Сазбалшықтың, ермексаздың қасиеттерімен танысу дағдыларын жетілдіру. Сазбалшық, қамыр, ермексаз кесектерінен бөліп алу, дөңгелектеу, ширату, созу тәсілдерін пайдалана отырып, көкөністер мен жемістерді, кейбір заттарды, азық-тұлік тағамдарын мұсіндеу дағдыларын қалыптастыру.</p>
Жапсыру	<p>Келесі дағдыларды қалыптастыру: 1) дайын пішіндерден заттардың бейнесін жасауға үйрету;</p>
Музыка	Музыка жетекшісінің жоспары бойынша

Бекітемін:
ЖШС «Балық»
б/балабақшасының
менгерушісі: Э.Толегенова
2023ж

Білім беру үйымы: ЖШС «Балық» б/б

Тобы: ортаңғы «Балапан»

Балалардың жасы: 3 жастағы балалар

Жоспардың құрылу кезеңі: қазан 2023 жыл

Айы	Ұйымдастырылған іс-әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
Қазан	Дене шынықтыру	<p>Негізгі қимылдар: Жүгіру. Белгілі бір тапсырмаларды орындауарқылы жүгірудың дыларын қалыптастыру: сапtabір-бірлең, бірнің арттынан бірі, аяқтынұшымен, қолмен аяққозғалыстарын үйлестіру, аралықтысақтай отырып, бағытты өзгертіп, шенбербойлаң, тоқтайқалып, "жыланша", заттардыайналып етіп, алаңын әр жағынан екінші жағынажәнет. с.с. жүгіру; Секіру. Екі аяқтап бастызатқатигіз отырып, жоғарықарай 2-3 метр қашықтықта алғақарай жылжи отырып, түрған жерінен ұзындыққа, 5-10 см биіктікте гізатарқылы жердегатқан жалпакқұрсау гасекіру дағдыларын қалыптастыру;</p>
	Сөйлеуді дамыту	<p>Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті. дыбыстардың артикуляциясын нақтылау және бекіту;</p> <p>Сөздік кор:</p> <p>2) заттардың бөлшектерін ажыратуға және атауға үйрету;</p> <p>Тілдің грамматикалық құрылымы:</p> <p>2) зат есімдерді үстінде, астында, артында, жанында тәрізді көмекші сөздермен</p>

	<p>бірге қолдану;</p> <p>Байланыстырып сөйлеу:</p> <p>Келесі дағдыларды қалыптастыру:</p> <p>3) ересектердің сөзін тыңдау және түсіну;</p> <p>4) сөйлеу әдебінің сәйкес түрлерін дұрыс қолдану;</p>
Көркем әдебиет	<p>Оқу, әңгімелдеу.</p> <p>Балаларды:</p> <p>2) кейіпкерлерді ойнағанда мінез-құлқын бере білуге, интонациясын қабылдауға;</p>
Қазақ тілі	<p>2) заттардың белгілерін (түсі, өлшемі), заттармен әрекеттерді білдіретін сөздерді айтуға үйрету. Тілдің грамматикалық құрылымы:</p> <p>1) сөз тіркестерін түсінуге үйрету және сөздерді байланыстыруда жаттығу;</p> <p>2) 2-3 сөзден тұратын сөйлемдерді түсінуге және жиі қолданылатын сөздерден сөйлемдер құруға үйрету;</p>
Математика негіздері	<p>Біртекті заттардан топтар құрастыру және олардың біреуін біліп көрсету.</p> <p>Шама.</p> <p>Шама бойынша заттардың әртүрлі болатыны туралы түсінік беру.</p> <p>Геометриялық пішіндер:</p> <p>Балаларды геометриялық пішіндерді тануға және атауға үйрету: шеңбер, шаршы, үшбұрыш, түйсіну және көру арқылы пішін түрлерін зерттеуге үйрету.</p> <p>Кеңістікте бағдарлау.</p> <p>Өзінің дене бөліктерінің орналасу бағдарын білуға үйрету.</p> <p>Уақытты бағдарлау.</p> <p>Тәулік бөліктерін тану және атау - таңертең, күндіз, кеш, тун.</p>
Коршаган ортамен таныстыру	<p>Менің отбасым.</p> <p>1) отбасылық суреттерді қарауға және отбасы мүшелері мен олардың әрекеттерін атауға үйрету. "Отбасы", "Үй", "Демалыста" және басқа мазмұнды-рөлдік ойындарды үйимдастыру.</p>

Кұрастыру	Құрылым материалдарынан құрастыру. Келесі дағдыларды қалыптастыру: 2) бөлшектерді орналастыру және кірпіштерді қалау, пластиналарды тік бағытта және көлденең орналастыру тәсілдерін пайдалану;
Сурет салу	Заттық сурет салу. Түрлі бағытта тұра сызықтарды, олардың қылышының жүргізе білуді қалыптастыру: 2) бірнеше көлденең және тік сызықтардан заттар салуды (дуал); салынған пішіндерді бояуды, дәстүрден тыс сурет салу (саусактарымен және алақандарымен, түрлі- түсті борлармен) дағдыларын қалыптастыру.
Мүсіндеу	Заттық мүсіндеу: 2) жазықтықтату зетужәнедомалактау қозғалыстары арқылы кесектерді жаю, элементтерді қарапайым заттарға (ыдыстар, ойыншықтарды мүсіндеу) біріктіру білігін жетілдіру.
Жапсыру	Келесі дағдыларды қалыптастыру 2) бейнеленген заттарға сәйкес түстерді таңдау; 3) желімдеудің техникасы;
Музыка	Музыка жетекшісінің жоспары бойынша

Бекітемін:
ЖШС «Балық»
б/балабақшасының
менгерушісі: Э.Толегенова
2023ж

Білім беру ұйымы: ЖШС «Балық» б/б

Тобы: ортаңғы «Балапан»

Балалардың жасы: 3 жастағы балалар

Жоспардың құрылу кезеңі: қараша 2023 жыл

Айы	Ұйымдастырылған іс-әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
Караша	Дене шынықтыру	<p>Негізгі қимылдар: Домалату, лактыру, қағып алу. Заттарды оң және сол қолмен қашықтыққа лактыру (2,5-5 метр қашықтық), төменинен екі қолмен көлденең нысанана, оң және сол қолмен (1,5–2 метр қашықтықтан) допты кеуде тұсынан лактыру, оң және сол қолмен тік нысанана (нысана биіктігі 1,2 метр) лактыру (1-1,5 метр қашықтық), аяқтарын алшақ қойып, отырып, 1,5–2 метр қашықтықтан допты бір-біріне, заттардың арасымен, қақпаға домалату. Допты жоғары лактыру, төмен - еденге (жерге) соғу, қағып алу.</p> <p>Еңбектеу, өрмелдеу. 4-6 метр қашықтыққа тура бағытта, заттарды айналып және заттардың арасымен еңбектеу, еденге қойылған тақтай бойымен, арқанның, доғаның астымен (биіктігі 40 сантиметр), көлбеу модуль бойымен, туннель арқылы еңбектеу; саты бойымен өрмелдеу, гимнастикалық қабырғаға өрмелдеу</p>
	Сөйлеуді дамыту	<p>Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті. Дауысты (а, ә, е, о, ү) және кейбір дауыссыз (п-б, к-қ, т-д, ж-ш, с-з)</p>

дұбыстарды анық айту, дұбыстардың артикуляциясын нақтылау және бекіту, артикуляциялық аппаратты дамыту, сөйлеу қарқынын өзгерту қабілетін дамыту: баяу сөйлеу, жаңылтпаштар айту

Сөздік қор:

Балалардың сөздік қорын ойындар мен ойын жаттығулары арқылы кеңейту, сөздік қорды заттардың сапасы мен қасиеттерін білдіретін, заттарды жалпы (оыйнышқтар, киім, аяқ киім, ыдыс, жиһаз) және ерекше белгілері бойынша жалпылаушы сөздермен байыту, қарама-қарсы мағынадағы сөздерді - антонимдерді енгізу.

Тілдің грамматикалық құрылымы

Сөздерді жіктелуіне, септелуіне қарай байланыстыру, зат есімдерді үстінде, астында, артында, жанында тәрізді көмекші сөздермен бірге қолдану, зат есімдерді жекеше, көпше түрде, етістіктерді келер және еткен шакта қолдану.

Байланыстырып сөйлеу:

Ересектердің сөзін тындау және түсіну, сөйлеу әдебінің тиісті формаларын дұрыс қолдану, ересектермен диалог құру, берілген сұрақтарды тындау және толық жауап беру.

Кітаптарға қызығушылықты ояту.

Таныс кітаптардағы суреттерді балалармен бірге қарастыру, оларға суреттердің мазмұны туралы эмоционалды түрде айту, балалардың пікірлерін тындау.; Жаңа ертегілерді, әңгімелерді, өлеңдерді тындей білуге, олардың мазмұнындағы әрекеттердің дамуын бақылауға, шығарманың кейіпкерлеріне жанашырлық танытуға тәрбиелеу. Балалармен кейіпкерлердің әрекеттері мен олардың әрекеттерінің салдарын талқылау

Тілдік дамытушы орта.

Балалардың ересектермен және құрдастарымен қарым-қатынас

Көркем әдебиет

Қазақ тілі

	<p>жасауына жағдай жасау: бір-бірімен күнделікті еркін ойында, дербес әрекеттерде ауызекі сөйлесуге, бірлескен әрекеттері туралы келісуге, ортақ тақырыпта әңгімелесуге, сұрақтарға жауап беруге, өз бетінше кітаптарды қарауға, өзінің алған әсері мен қалауын білдіруге, сәлемдесуде, өтінішін, ырзащылығын білдіруде сырайы сөйлеу әдебін сактауға, құрдастарын есімімен толық, дұрыс атауға баулу.</p> <p>Сөздік қор.</p> <p>Ауызекі сөйлеуде түрлі балалар әрекеттерінде қоршаған орта заттары мен табиғат нысандарының атауларын өздігінен қолдануды қалыптастыру естуді дамыту. Көрнекілікпен немесе көрнекіліксіз өзіне айтылған сөзді тыңдау және түсінуді дамыту. Қазақ тіліне тән ә, ө, қ, ү, ұ дыбыстарын өздігінен дұрыс айтуда баулу.</p>
Математика негіздері	<p>Шама.</p> <p>Екі затты өлшемі бойынша (ұзын-қысқа, биік-аласа, артық-кем) салыстыру. Өлшемдері қарама-қарсы және бірдей заттарды салыстыру, заттарды салыстыруда шаманың берілген белгісі бойынша (ұзындығы, ені, биіктігі, жалпы шамасы бойынша) бір затты екінші затпен беттестіру және жанына қою тәсілдері арқылы салыстыру, салыстыру нәтижелерін ұзындығы бойынша ұзын-қысқа, бірдей, тең, ені бойынша кең-тар, бірдей, тең, биіктігі бойынша биік-аласа, бірдей, тең, жалпы шамасы бойынша үлкен-кіші сөздерімен белгілеу.</p> <p>Геометриялық фигуralар.</p> <p>Балаларды геометриялық фигуralармен: ұшбұрыш, шаршы, дөңгелекпен таныстыру, ұстau және көру тәсілдері арқылы аталған фигуralарды зерттеуге мүмкіндік беру.</p>
Коршаған ортамен таныстыру	<p>Бала, оның отбасы, үйі.</p> <p>«Мен» бейнесін, құрдастарын, өзін балалар қогамының бір мүшесі ретінде сезінуге, әртүрлі ойындарды өз бетінше ойнауға үрету, өз іс-әрекеттерін он бағалау және өзін-өзі бағалауын, ойында туындаған</p>

	<p>мәселелерді шешу тәсілдерін дамыту.</p> <p>Балаларды отбасы бейнеленген фотосуреттерді карауға, отбасы мүшелерін, олардың іс-әрекеттерін атауға, өзінің отбасы, отбасылық қарым-қатынас туралы әңгімелеп беруге, жақындарына қамкорлық танытуға баулу.</p> <p>Дербестікті қалыптастыру: киіну, жуыну, тісін тазалау.</p> <p>Заттық әлем.</p> <p>Заттардың айырмашылықтары мен атауларын, олардың қөлемін, түсін, пішінін қарастыру мен зерттеу дағдыларын қалыптастыру, заттардың сапалары мен қасиеттерін: сипап сезу, дәмін көру, есту арқылы тануды қалыптастыру.</p> <p>Қазақ халқының тұрмыстық заттарымен таныстыру. Заттар, ойыншықтар, кітаптар және ыдыстарға ұқыптылықпен қарауға тәрбиелеу. Әртүрлі заттардың атауларын сөйлегендеге белсенді колдану, заттардың атқаратын қызметтерін түсіну, заттардың тобын білдіретін түсініктерді менгеру.</p> <p>Коршаған ортаны қабылдау, кеңістікті бағдарлауға үйрету.</p>
Құрастыру	<p>Балалардың құрастыруға қызығушылығын арттыру, конструкторлардың түрлерімен таныстыру.</p> <p>Құрастыру дағдыларын дамыту, негізгі құрылыш бөлшектерін: текшелер, кірпіштер, цилиндрлер, үшбұрыштар, призмаларды ажыратада, білуғе, атауға және қолдануға үйрету, бұрын алғынған дағдыларды: тесеу, бекіту, қою қолдана отырып, жаңа ғимараттар салу.</p>
Сурет салу	<p>Сурет салу кезінде қарындашты, қылқаламды қатты қыспай, дұрыс ұстауды үйрету. Қылқаламмен бояуда оны бояуға ақырын батыруды, алғынған артық бояуды құтының шетіне қылқаламды ақырын басынан басып, ағызып жіберіп бояуды, бояудың келесі түсін қолдану үшін қылқаламды басқа түске салмас бұрын жақсыладап суға шайып алған қолдануды, жуылған қылқаламды жумсақ матамен немесе қағаз</p>

		майлықпен сұртіп кептіруді үйрету.
Мұсіндеу		Сазбалшықтан, ермексаздан мұсіндеуге қызығушылыққа баулу. Сазбалшық, ермексаз кесектерінен бөліп алу, домалату, ширату, созу, жаю тәсілдерін пайдалана отырып, көгөністер мен жемістерді, кейбір заттарды, азық-тұлік тағамдарын мұсіндеуге үйрету.
Жапсыру		Балалардың жапсыруға қызығушылығын арттыру. Қағаз бетінде көлемі, түсі, пішіні бойынша әртүрлі дайын пішіндерді белгілі реттілікпен орналастыра отырып, ойдан немесе берілген тапсырма бойынша заттардың бейнесін жасау, содан соң пайда болған бейнені қағазға жапсыру.
Музыка		<p>Музыка тыңдау. Музыкалық шығарманы соңына дейін тыңдауға, музыканың сипатын түсінуге, музыкалық шығарманың неше бөлімнен тұратынын білуге және ажыратуға үйрету.</p> <p>Ән айту. Ән айту дағдыларын дамытуға ықпал ету: ре (ми) — ля (си) диапазонында, барлығымен бір қарқында әнді таза айту, сөздерді анық айту, әннің сипатын жеткізу (көңілді, созып, ойнакы айту).</p> <p>Музыкалық-ырғактық қозғалыстар. Музыкамен жұру мен жүгіруді ырғакты орындау, шенбер бойымен бірінің артынан бірі жұру және шашырап журуге үйрету.</p>

Бекітемін:
ЖШС «Балнұр»
б/балабақпасының
менгерушісі Э. Толғенова



Білім беру үйімі: ЖШС «Балнұр» б/б

Тобы: ортаңғы «Балапан»

Балалардың жасы: 3 жастағы балалар

Жоспардың құрылу кезеңі: желтоқсан 2023 жыл

Айы	Үйымдастырылған іс-әрекет	Үйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
Желтоқсан	Дене шынықтыру	<p>Тепе-тендікті сақтау. Тепе-тендікті сақтау. Тепе-тендікті отырып, бір қырымен қосалқы қадаммен көлбеу тақтай (20-30 сантиметр), арқан бойымен жүру, тұра жолмен, бір-бірінен 10 сантиметр қашықтықта орналасқан тақтайшалардың, қырлы тақтайдың бойымен жүру.</p> <p>Сапқа тұру, қайта сапқа тұру. Бірінің артынан бірі сапқа тұру, бір-бірінің жанына сапқа тұру, шенберге тұру (көзбен бағдарлау бойынша). Саптағы, шенбердегі өз орнын табуға үйрету.</p>
	Сөйлеуді дамыту	<p>Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті. Дауысты (а, ә, е, о, ұ) және кейбір дауыссыз (п-б, к-қ, т-д, ж-ш, с-з) дыбыстарды анық айту, дыбыстардың артикуляциясын нақтылау және бекіту, артикуляциялық аппаратты дамыту, сөйлеу қарқының өзгерту қабілетін дамыту: баяу сөйлеу, жаңылтпаштар айту</p> <p>Сөздік қор: Балалардың сөздік қорын ойындар мен ойын жаттығулары арқылы кеңейту, сөздік қорды заттардың сапасы мен қасиеттерін білдіретін, заттарды жалпы (оыйнышқтар, киім, аяқ киім, ыдыс, жиһаз) және ерекше белгілері бойынша жалпылаушы сөздермен байыту, қарама-</p>

	<p>карсы мағынадағы сөздерді - антонимдерді енгізу.</p> <p>Тілдің грамматикалық құрылымы</p> <p>Сөздерді жіктелуіне, септелеуіне қарай байланыстыру, зат есімдерді үстінде, астында, артында, жанында тәрізді көмекші сөздермен бірге колдану, зат есімдерді жекеше, көпше түрде, етістіктерді келер және өткен шақта колдану.</p> <p>Байланыстырып сөйлеу:</p> <p>Суреттерді, заттарды қарастыруда, тірі және өлі табигат нысандарын бақылау кезінде, шығармаларды тыңдағаннан, мультфильмдер, ертегілер көргеннен кейін балаларды алған әсерлерімен бөлісуге, өз ойын айтуға үйрету.</p>
Көркем әдебиет	<p>Кітаптарға қызығушылықты ояту.</p> <p>Оқылған шығармадан ең қызықты, мәнерлі үзінділерді қайталау, балаларға сөздер мен қарапайым сөз тіркестерін қайталап айтуға мүмкіндік беру.</p>
Қазақ тілі	<p>Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті.</p> <p>Артикуляциялық және дыбыстық аппаратты, сөйлеу кезінде тыныс алушы, естуді дамыту. Қорнекілікпен немесе қорнекіліксіз өзіне айтылған сөзді тыңдау және түсінуді дамыту. Қазақ тіліне тән ә, ө, қ, ү, ұ дыбыстарын өздігінен дұрыс айтуға баулу.</p> <p>Сөздік қор</p> <p>Қоршаған ортадағы күнделікті жиі қолданылатын туыстық қатынасқа байланысты сөздерді («бөле», «ага», «апа», «іні», «қарындас»), тұрмыстық заттардың, жемістердің, жануарлардың, төрт түліктің атауларын айту және түсіну дағдыларын қалыптастыру</p>
Математика негіздері	<p>Сан.</p> <p>«Көп», «бір» ұғымдары туралы түсініктерді қалыптастыру, заттардың санын ажыратуға үйрету: көп-біреу (біреу-көп), біртекті заттарды топтастыру және олардың біреуін бөліп көрсету, қоршаған ортадан бір</p>

	<p>немесе бірнеше бірдей затты табу, «қанша? неше?» сұрағына жауап беру.</p> <p>Кеңістікті бағдарлау.</p> <p>Өзінің дене мүшелерін бағдарлау және осыған байланысты өзіне қатысты кеңістік бағыттарын анықтау: үстінде-астында, алдында-артында, он-сол.</p>
Коршаган ортамен таныстыру	<p>Еңбекке баулу.</p> <p>Таныс мамандық иелеріне құрметпен қарау, олардың еңбек нәтижелеріне қамқорлық таныту. Балаларды ересектердің еңбегін бақылау негізінде ойын әрекетіне ынталандыру. Мүмкіндіктеріне қарай күтүшіге, аула сыпырушуға көмек көрсетуді үйымдастыру. Өзгөнің еңбегінің нәтижесіне құрметпен қарауға тәрбиелеу, көмек көрсету ниеттерін қолдау.</p> <p>Менің Отаным – Қазақстан.</p> <p>Балалар тұратын қала мен ауыл, еліміздің астанасы, Қазақстан Республикасының мемлекеттік рәміздері туралы білімдерін қалыптастыру. Қазақ халқының дәстүрлі киіз үйімен таныстыру.</p> <p>Балаларды айналасындағы ересектердің жақсы көретінін, оған әрқашан қамқорлық танытатынын білдіре отырып, өзінің туған жеріне, Отанына деген сүйіспеншілік сезімін ояту</p>
Құрастыру	Құрастырылатын құрылышты қарапайым сызбаларға, суреттегі үлгісіне қарап зерттеуге және кірпіштерді, тақтайшаларды тігінен катарға орналастырып, бір-бірімен мықтап бекіту тәсілдерін қолданып, өз бетінше құрастыруға мүмкіндік беру, өзінің тұргызған құрылышын талдауға баулу.
Сурет салу	Бір заттың немесе түрлі заттардың суретін салуды қайталай отырып, қарапайым сюжеттік композициялар жасауға үйрету, тұтас қағаз парагына бейнені орналастыру, қызыл, сары, жасыл, көк, қара, ак негізгі түстер мен олардың реңктерін (қызғылт, көгілдір, сүр) колдану.

	Мұсіндеу	Кесектерді алақандарының арасында домалату, есу, жаю тәсілдері арқылы заттарды мұсіндеу (ыдыстар, ойыншықтар). Бірнеше бөліктерді қосу, қысу, біріктіру арқылы өсімдіктерді және жануарларды мұсіндеу дағдыларын қалыптастыру.
	Жапсыру	Желімдеудің техникасын үйрету: желімді қылқаламға, мұқият жағып алу, жаймадагы дайын үлгіге жағу, желімнің қалдықтарын сұртуге майлышты қолдану.
	Музыка	<p>Музыка тындау Музыкалық ойыншықтар мен балалар музыка аспаптарының (музыкалық балға, сылдырмак, барабан, металлофон, марacas, асатаяқ, түяқ, сырнай) дыбысталуын ажыратса білуді жетілдіру.</p> <p>Ән айту. Аспаптың сүйемелдеуіне, ересектердің дауысына ілесе отырып, олармен бірге ән айту, әнді бірге бастап, бірге аяқтау.</p> <p>Музыкалық-ырғактық қозғалыстар. Би қимылдарын орындау сапасын жақсарту: кезек-кезек екі аякпен және бір аякпен секіру. Заттармен және заттарсыз музыкалық шығарманың қарқыны мен сипатына сәйкес бір-бірден, жұппен ырғакты қимылдар орындау.</p>



Бекітемін:
ЖШС «Балнұр»
б/балабакшының
менгерушісі Ә. Галегенова
2023ж.

Білім беру үйімі: ЖШС «Балнұр» б/б

Тобы: ортаңғы «Балапан»

Балалардың жасы: 3 жастағы балалар

Жоспардың құрылу кезеңі: қаңтар 2024 жыл

Айы	Ұйымдастырылған іс-әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
Қаңтар	Дене шынықтыру	<p>Ырғақтық жаттығулар. Таныс, бұрын үйренген жаттығуларды және қимылдарды музыканың сүйемелдеуімен орындау.</p> <p>Кеудеге арналған жаттығулар:</p> <p>допты бір-біріне басынан жоғары (артқа және алға) беру, жан-жаққа (солға- онға) бұрылу;</p> <p>солға, онға бұрылу (отырған қалыпта);</p> <p>аяқты көтеру және түсіру, аяқтарды қозғалту (шалқасынан жатқан қалыпта);</p> <p>аяқты бұгу және созу (бірге және кезекпен), шалқасынан жатқан қалыптан бұрылып, етпетінен жату және керісінше; иықтарды жоғары көтеріп, қолды жан-жаққа созып енкею (етпетінен жатқан қалыпта).</p>
	Сөйлеуді дамыту	<p>Сойлеудің дыбыстық мәдениеті.</p> <p>Дауысты (а, ә, е, о, ұ) және кейбір дауыссыз (п-б, к-қ, т-д, ж-ш, с-з) дыбыстарды анық айту, дыбыстардың артикуляциясын нақтылау және бекіту, артикуляциялық аппаратты дамыту, сейлеу қарқынын өзгерту қабілетін дамыту: баяу сейлеу, жаңылтпаштар айту.</p> <p>Сөздік қор:</p>

	<p>Балалардың сөздік қорын ойындар мен ойын жагтығулары арқылы кеңейту, сөздік қорды заттардың сапасы мен қасиеттерін білдіретін, заттарды жалпы (ойыншыктар, киім, аяқ киім, ыдыс, жиһаз) және ерекше белгілері бойынша жалпылаушы сөздермен байту, қарама-қарсы мағынадағы сөздерді - антонимдерді енгізу.</p>
Көркем әдебиет	<p>Жаңа ертегілерді, әңгімелерді, өлеңдерді тыңдай білуге, олардың мазмұнындағы әрекеттердің дамуын бақылауға, шығарманың кейіпкерлеріне жанашырлық танытуға тәрбиелеу. Балалармен кейіпкерлердің әрекеттері мен олардың әрекеттерінің салдарын талқылау.</p>
Қазақ тілі	<p>Сөздік қоры: Баланың сөздік қорын дамытуда, санамактар, тақпактар, жаңылтпаштарды жаттауға баулу</p>
Математика негіздері	<p>Сан «Көп», «бір» ұғымдары туралы түсініктерді қалыптастыру, заттардың санын ажыратуға үйрету: көп-біреу (біреу-көп), біртекті заттарды топтастыру және олардың біреуін бөліп көрсету, қоршаған ортадан бір немесе бірнеше бірдей затты табу, «қанша? неше?» сұрағына жауап беру.</p>
Қоршаған ортамен таныстыру	<p>Адамгершілік және патриоттық тәрбие. Балаларда «дұрыс» немесе «дұрыс емес», «жақсы» немесе «жаман» әрекеттер (қылыштар) туралы қарапайым түсініктерді дамыту, әлеуметтік және эмоционалды зиятты тәрбиелеу: балалардың назарын адамның жеке қасиеттеріне (мейірімді, жанашыр, қамқор, сезімтал және іскер, еңбеккөр, ұқыпты) аудару, жақсы және жаман әрекеттерді дұрыс бағалау тәжірибесін қалыптастыру.</p>
Құрастыру	<p>Ұжымдық құрылыш жасауға баулу, алдын ала келісе отырып, құрылыш бөліктерін жеке дайындау, өздерінің құрастырған бүйымдарын біріктіре отырып, дайын болған құрылышпен бірге ойнату.</p>

Cyper cary жипре жети жары	Cyper cary жипре жети жары	Cyper cary жипре жети жары
Жары жипре жети жары	Жары жипре жети жары	Жары жипре жети жары
Мыжы жипре жети жары	Мыжы жипре жети жары	Мыжы жипре жети жары
Жанчы жипре жети жары	Жанчы жипре жети жары	Жанчы жипре жети жары
Мызы жипре жети жары	Мызы жипре жети жары	Мызы жипре жети жары
Мызы жипре жети жары	Мызы жипре жети жары	Мызы жипре жети жары



Бекітемін:
ЖШС «Балнұр»
б/балабақшының
менгерушісі. Е. Голегенова

Білім беру үйімі: ЖШС «Балнұр» б/б
Тобы: ортағы «Балапан»
Балалардың жасы: 3 жастағы балалар
Жоспардың құрылу кезеңі: ақпан 2024 жыл

Айы	Үйымдастырылған іс-әрекет	Үйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
Ақпан	Дене шынықтыру	<p>Дербес қымыл белсенділігі. Кимылдарды орындауда балалардың дербестігін, белсенділігі мен шығармашылығын дамыту. Арбалар, автомобилдер, велосипедтер, доптар, шарлармен өз бетінше ойнауға ынталандыру. Өрмелу, еңбектеу дағдыларын, ептілікті, жылдамдықты дамыту, қымылдарды мәнерлі орындауға баулу.</p> <p>Қымылды ойындар Қымылды ойындарға баулу, балаларды қарапайым ережелерді сактауға, қымылдарды үйлестіруге, кеністікті бағдарлауға, «жүгір», «ұста», «тұр» белгілеріне сәйкес әрекет етуге үрету, қымыл түрлерін өзгерте отырып, ойындарға күрделі ережелерді енгізу. Қымылды ойындарды ойнату</p>
	Сөйлеуді дамыту	<p>Тілдің грамматикалық құрылымы: Сөздерді жіктелуіне, септелуіне қарай байланыстыру, зат есімдерді үстінде, астында, артында, жанында тәрізді көмекші сөздермен бірге қолдану, зат есімдерді жекеше, көпше түрде,</p>

		етістіктерді келер және өткен шақта қолдану.
Көркем әдебиет		Оқылған шығармадан ең қызықты, мәнерлі үзінділерді қайталау, балаларға сөздер мен қарапайым сөз тіркестерін қайталап айтуға мүмкіндік беру.
Казак тілі		<p>Тілдің грамматикалық құрылымы. Жуан және жіңішке түбір сөздерді ажырату, оларды көпше түрде қолдануға үйрету. Бұйрық райлы етістіктерді жекелей қолдануға баулу (бар, кел, айт).</p> <p>Сөздерді байланыстырып, сөз тіркестерін құрастыруға (зат есім және сын есім, зат есім және етістік) үйрету.</p>
Математика негіздері		<p>Заттарды салыстыру: заттарға қосу немесе заттардан алу тәсілдері арқылы тең және тең емес заттар тобын салыстыру, «Тең бе?», «Қайсысы артық (кем)?» сауалдарына жауап беру.</p>
Коршаған ортамен таныстыру		<p>Коршаған ортаны қабылдау, кеңістікті бағдарлауға үйрету.</p> <p>Көлік, байланыс құралдары Көлік құралдарының түрлерімен және ауада ұшатын қозғалыс құралдарымен таныстыру. Жаяу жүргіншілерге және жолаушыларға арналған қарапайым ережелермен таныстыру.</p> <p>Еңбекке баулу Таныс мамандық иелеріне құрметпен қарау, олардың еңбек нәтижелеріне қамқорлық таныту. Балаларды ересектердің еңбегін бақылау негізінде ойын әрекетіне ынталандыру. Мүмкіндіктеріне қарай күтүшіге, аула сыпырушуға көмек көрсетуді үйымдастыру. Өзгенің еңбегінің нәтижесіне құрметпен қарауға тәрбиелеу, көмек көрсету ниеттерін қолдау.</p> <p>Қарапайым тапсырмаларды өздігінен орындауға, түрлі балалар әрекетіне қажетті материалдарды, құрал-жабдықтарды әзірлеуге, қолданып болған соң ойыншықтарды, кітаптарды, заттарды орнына</p>

	<p>Жинауга баулу.</p> <p>Өзінің, құрдастарының шығармашылық жұмыстарының нәтижелеріне, суреттеріне, бұйымдарға құрметпен қарауға, оларға үқыптылықпен қарауға баулу.</p>
Құрастыру	<p>Құрастырылатын құрылышты қарапайым сызбаларға, суреттегі үлгісіне қарап зерттеуге және кірпіштерді, тақтайшаларды тігінен қатарға орналастырып, бір-бірімен мықтап бекіту тәсілдерін қолданып, өзбетінше құрастыруға мүмкіндік беру, өзінің тұрғызған құрылышын талдауға баулу. Құрастырган құрылышпен сюжетті ойыншықтарды қолданып ойнату.</p>
Сурет салу	<p>Сурет салу кезінде қарындашты, қылқаламды қатты қыспай дұрыс ұстауды үйрету. Қылқаламмен бояуда оны бояуға ақырын батыруды, алынған артық бояуды құтының шетіне қылқаламды ақырын басынан басып, ағызып жіберіп бояуды, бояудың келесі түсін қолдану үшін қылқаламды басқа түске салмас бұрын жақсылап суга шайып алып қолдануды, жуылған қылқаламды жұмсақ матамен немесе қағаз майлышпен сұртіп кептіруді үйрету.</p>
Мұсіндеу	<p>Кесектерді алақандарының арасында домалату, есу, жаю тәсілдері арқылы заттарды мұсіндеу (ыдыстар, ойыншықтар).</p> <p>Бірнеше бөліктерді қосу, қысу, біріктіру арқылы өсімдіктерді және жануарларды мұсіндеу дағдыларын қалыптастыру.</p>
Жапсыру	<p>Желімдеудің техникасын үйрету: желімді қылқаламға, мұқият жағып алу, жаймадағы дайын үлгіге жағу, желімнің қалдықтарын сұртуғе майлышты қолдану.</p>
Музыка	<p>Музыка тындау.</p> <p>Түрлі сипаттағы әндердің мазмұны мен көңіл күйін қабылдай білуді қалыптастыру; әннің мазмұнын түсіну.</p> <p>Ән айту.</p> <p>Ән айту дағдыларын дамытуға ықпал ету: ре (ми) — ля (си)</p>

диапазонында, барлығымен бір қарқында әнді таза айту, сөздерді анық айту, әннің сипаттын жеткізу (көңілді, созып, ойнакы айту).

Музыкалық-ырғактық қозғалыстар.

Музыкамен жұру мен жүгіруді ырғакты орындау, шенбер бойымен бірінің артынан бірі жұру және шашырап жүргуге үйрету.

Музыканың басталуы мен аяқталуына сәйкес қимылдарды орындау, қимылдарды өз бетінше бастау және аяқтау.



Бекітемін:
ЖШС «Балнұр»
б/балабакшының
менгерушіші Ә. Толегенова
2023ж.

Білім беру ұйымы: ЖШС «Балнұр» б/б

Тобы: ортаңғы «Балапан»

Балалардың жасы: 3 жастағы балалар

Жоспардың құрылу кезеңі: наурыз 2024 жыл

Айы **Ұйымдастырылған іс-әрекет**

Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері

Өзіне-өзі қызмет көрсету дағдылары.

Өзіне-өзі қызмет көрсетуге деген ұмтылысын қолдау: белгілі реттілікпен киінуге және шешінуге, тісті тазалауға, ұқыптылыққа, киіміндегі олқылықтарды байқауға, оларды ересектің көмегімен немесе өз бетінше реттеуге, ас ішу құралдарын орнымен қолдануға баулу

Салауатты өмір салты дағдыларын қалыптастыру.

Сезім мүшелерін ажыратуға және атауға (көз, құлак, мұрын, ауыз) үйрету, олардың ағзадағы рөлі және оларды қалай қорғауға, күтүге болатыны туралы түсінік беру (ұсақ заттарды құлакқа, мұрынға тықпау).

Денсаулықтың құндылығы туралы түсінікті дамыту; ауырмауға, денсаулықты сақтауға ынталандыру, «салауатты өмір салты» және оны ұстану туралы алғашқы түсініктер беру

Байланыстырып сөйлеу.

Суреттерді, заттарды қарастыруда, тірі және өлі табигат нысандарын бақылау кезінде, шығармаларды тындағаннан, мультфильмдер, ертегілер көргеннен кейін балаларды алған әсерлерімен бөлісуге, өз ойын айтуға үйрету.

Дене шынықтыру

Наурыз

Сөйлеуді дамыту

	<p>Ересектердің сөзін тыңдау және түсіну, сейлеу әдебінің тиісті формаларын дұрыс қолдану, ересектермен диалог құру, берілген сұрақтарды тыңдау және толық жауап беру</p>
Көркем әдебиет	<p>Ересектермен бірге ертегілерді, қарапайым көріністерді ойнауга, бірлескен ойындарға қатысуға ықпал ету, онда жеке репликаларды, кейіпкерлердің эмоционалды образын беруге баулу.</p>
Қазақ тілі	<p>Тілдік дамытушы орта. Балалардың ересектермен және қурдастарымен қарым-қатынас жасаудың жағдай жасау: бір-бірімен күнделікті еркін ойында, дербес әрекеттерде ауызекі сөйлесуге, бірлескен әрекеттері туралы келісуге, ортақ тақырыпта әңгімелесуге, сұрақтарға жауап беруге, өз бетінше кітаптарды қарауға, өзінің алған әсері мен қалаудың білдіруге, сәлемдесуде, өтінішін, ырзашылығын білдіруде сыпайы сөйлеу әдебін сактауға, қурдастарын есімімен толық, дұрыс атауға баулу</p>
Математика негіздері	<p>Шама Екі затты өлшемі бойынша (ұзын-қысқа, биік-аласа, артық-кем) салыстыру. Өлшемдері қарама-қарсы және бірдей заттарды салыстыру, заттарды салыстыруда шаманың берілген белгісі бойынша (ұзындығы, ені, биіктігі, жалпы шамасы бойынша) бір затты екінші затпен беттестіру және жанына кою тәсілдері арқылы салыстыру, салыстыру нәтижелерін ұзындығы бойынша ұзын-қысқа, бірдей, тең, ені бойынша кең-тар, бірдей, тең, биіктігі бойынша биік-аласа, бірдей, тең, жалпы шамасы бойынша үлкен-кіші сөздерімен белгілеу.</p>
Коршаған ортамен таныстыру	<p>Адамгершілік және патриоттық тәрбие. Балаларда «дұрыс» немесе «дұрыс емес», «жақсы» немесе «жаман» әрекеттер (қылыштар) туралы қарапайым түсініктерді дамыту, әлеуметтік және эмоционалды зиятты тәрбиелеу: балалардың назарын адамның жеке қасиеттеріне (мейірімді, жанашыр, камкор, сезімтал және іскер, енбеккор, ұқыпты) аудару, жақсы және жаман әрекеттерді дұрыс</p>

	<p>багалау тәжірибесін қалыптастыру.</p> <p>Табиғаттагы маусымдық өзгерістер.</p> <p>Ауа-райының жағдайын анықтау (сүйк, жылы, ыстық), табиғат күбылыштарын бакылау (маусымдық), бакылау күнтізбесінде жылдың қысқы, көктемгі, жазғы және күзгі мезгілдеріндегі ауа-райының жайкүйін белгілеу</p>
Кұрастыру	<p>Ұжымдық құрылыш жасауға баулу, алдын-ала келісе отырып, құрылыш бөліктерін жеке дайындау, өздерінің құрастырған бұйымдарын біріктіре отырып, дайын болған құрылышпен бірге ойнату.</p>
Сурет салу	<p>Бір заттың немесе түрлі заттардың суретін салуды қайталай отырып, қарапайым сюжеттік композициялар жасауға үйрету, тұтас қағаз парагына бейнені орналастыру, қызыл, сары, жасыл, көк, қара, ақ негізгі түстер мен олардың реңктерін (қызылт, көгілдір, сүр) колдану.</p> <p>Қазақ ою-өрнектерінің қарапайым элементтерін қайталап салуға баулу.</p>
Мүсіндеу	<p>Бірнеше бөліктерді косу, қысу, біріктіру арқылы өсімдіктерді және жануарларды мүсіндеу дағдыларын қалыптастыру.</p> <p>Қазақ халқының әшекей бұйымдарымен (білезік, жүзік, балдақ, сырға, тұмар) таныстыру. Мүсіндеу тәсілдерін колдана отырып, өзіне ұнған бұйымдарды мүсіндеу, оларды таяқшамен безендіру.</p>
Жапсыру	<p>Қазақ халқының ұлттық ыдыс-аяқтарымен, тұрмыстық заттарымен таныстыру. Ұнған дайын заттардың пішіндерін қазақ оюларының қарапайым элементтерімен безендіру. Заттардың пішіні мен олардың түсі туралы білімді бекіту.</p>
Музыка	<p>Музыка тыңдау.</p> <p>Музыкалық шығарманы сонына дейін тыңдауға, музыканың сипатын түсінуге, музыкалық шығарманың неше бөлімнен тұратынын білуге және ажыратуға үйрету</p> <p>Ән айту.</p>

Аспаптың сүйемелдеуіне, ересектердін дауысына ілесе отырып,
олармен бірге ән айту, әнді бірге бастап, бірге аяқтау

Музыкалық-ырғактық қозғалыстар

Музыкалық шығармалар мен ертегі кейіпкерлерінің қимылдарының
мәнерлі және эмоционалды жеткізу дағдыларын дамыту: аю қорбандап
жүреді, коян секіреді, құстар үшады

Бекітемін:
ЖШС «Балнұр»
б/балабақшасының
менгерушісі: Э. Толегенова



Білім беру үйымы: ЖШС «Балнұр» б/б

Тобы: ортанғы «Балапан»

Балалардың жасы: 3 жастағы балалар

Жоспардың құрылу кезеңі: сәуір 2024 жыл

Айы	Үйымдастырылған іс-әрекет	Үйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
Сәуір	Дене шынықтыру	<p>Салауатты өмір салтын қалыптастыру.</p> <p>Сезім мүшелерін ажыратуға және атауға (көз, құлақ, мұрын, ауыз) үйрету, олардың ағзадағы рөлі және оларды қалай қорғауға, күтүге болатыны туралы түсінік беру (ұсақ заттарды құлаққа, мұрынға тықпау).</p> <p>Денсаулықтың құндылығы туралы түсінікті дамыту; ауырмауга, денсаулықты сактауға ынталандыру, «салауатты өмір салты» және оны ұстану туралы алғашқы түсініктер беру.</p> <p>Адамның денсаулығына пайдалы (көгөністер, жемістер, сұт өнімдері) және зиянды тағамдар (тәттілер, бәліштер, тәтті газдалған сусындар) туралы бастапқы түсініктерді қалыптастыру.</p> <p>Дене белсенділігі (таңертеңгі жаттығу, шынықтыру, спорттық және қимылды ойындар) мен үйқының пайдасы туралы түсінік қалыптастыру.</p> <p>Дене мүшелері мен ағза жүйесін нығайтатын жаттығулармен таныстыру.</p> <p>Өзінің денсаулық жағдайы туралы ересектерге айту, науқастанған кезде дәрігерге қаралып, емделу қажеттігін білу</p>

Сөйлеуді дамыту	<p>Байланыстырып сейлеу.</p> <p>Суреттерді, заттарды қарастыруда, тірі және өлі табигат нысандарын бақылау кезінде, шығармаларды тыңдағаннан, мультфильмдер, ертегілер көргеннен кейін балаларды алған әсерлерімен бөлісуге, өз ойын айтуға үйрету.</p> <p>Ересектердің сезін тыңдау және түсіну, сөйлеу әдебінің тиісті формаларын дұрыс қолдану, ересектермен диалог құру, берілген сұрақтарды тыңдау және толық жауап беру.</p> <p>Кейіпкерлерді сипаттау үшін дауыс ырғагының мәнерлі қарапайым тәсілдерін қолдану, таныс ертегілерді ойнауға және сақналуға ынталандыру, қызығушылығын ояту.</p>
Көркем әдебиет	<p>Кітаптарға қызығушылықты ояту.</p> <p>Таныс кітаптардағы суреттерді балалармен бірге қарастыру, оларға суреттердің мазмұны туралы эмоционалды түрде айту, балалардың пікірлерін тыңдау.</p> <p>Жаңа ертегілерді, әнгімелерді, өлеңдерді тыңдай білуге, олардың мазмұндағы әрекеттердің дамуын бақылауға, шығарманың кейіпкерлеріне жанашырлық танытуға тәрбиелеу. Балалармен кейіпкерлердің әрекеттері мен олардың әрекеттерінің салдарын талқылау.</p> <p>Оқылған шығармадан ең қызықты, мәнерлі үзінділерді қайталау, балаларға сөздер мен қарапайым сез тіркестерін қайталап айтуға мүмкіндік беру.</p>
Қазақ тілі	<p>Байланыстырып сейлеу.</p> <p>Ауызекі сөйлеудің қарапайым түрлерін менгерту, балалардың өздеріне айтылған сөзді, пікірді түсінуін қалыптастыру, алдын ала үйретілген сөйлеу үлгілерін есте сақтап, әнгімелесе білуге баулу.</p> <p>Ойыншықтар мен заттарды қарастыра отырып, сұрақтарға жауап беруге, оларды жай сөйлемдермен сипаттап айтып беруге баулу.</p>

		<p>Таныс ертегілер мен шағын шығармалардың мазмұны бойынша алдымен сұрақтарға жауап беруге, кейіннен өздігінен қайталап айтуға баулу</p>
Математика негіздері		<p>Кеңістікті бағдарлау. Өзінін дене мүшелерін бағдарлау және осыған байланысты өзіне қатысты кеңістік бағыттарын анықтау: үстінде-астында, алдында-артында, он-сол.</p> <p>Уақытты бағдарлау. Қарама-қарсы тәулік бөліктерін бағдарлау: күндіз-түнде, таңертен-кешке</p>
Коршаган ортамен таныстыру		<p>Жануарлар әлемі. Үй жануарлары мен олардың төлдері туралы білімдерін бекіту. Қазақстанды мекендейтін жабайы жануарлар жайлы түсініктерін қалыптастыру, табигат бұрышын мекендеушілерді бақылау дағдыларын қалыптастыру</p> <p>Еңбекке баулу. Таныс мамандық иелеріне құрметпен қарау, олардың еңбек нәтижелеріне қамқорлық таныту. Балаларды ересектердің еңбегін бақылау негізінде ойын әрекетіне ынталандыру. Мүмкіндіктеріне қарай күтүшіге, аула сызырушыға көмек көрсетуді үйымдастыру. Өзгенің еңбегінің нәтижесіне құрметпен қарауға тәрбиелеу, көмек көрсету ниеттерін қолдау</p>
Кұрастыру		<p>Ұжымдық құрылыс жасауға баулу, алдын ала келісе отырып, құрылыш бөліктерін жеке дайындау, өздерінің құрастырған бүйымдарын біріктіре отырып, дайын болған құрылышпен бірге ойнату.</p> <p>Құрастыруда бөлшектерді орналастыру және кірпіштерді қалау, пластиналарды тік бағытта және көлденен орналастыру тәсілдерін қолдану, ірі және ұсақ құрылыш материалдарынан, үлгі бойынша, ойдан құрастыру.</p>

		Ойнап болғаннан кейін бөлшектерді жинауға, қауіпсіздік техникасы ережелерін сақтауға, ұқыптылыққа баулу.
Сурет салу		Сурет салу кезінде қарындашты, қылқаламды қатты қыспай, дұрыс ұстауды үйрету. Қылқаламмен бояуда оны бояуға ақырын батыруды, алынған артық бояуды күтінген шетіне қылқаламды ақырын басынан басып, ағызып жіберіп бояуды, бояудың келесі түсін қолдану үшін қылқаламды басқа түске салмас бұрын жақсылап суға шайып алып қолдануды, жуылған қылқаламды жұмсақ матамен немесе қағаз майлышпен сұртіп кептіруді үйрету
Мұсіндеу		Қазақ халқының әшекей бүйымдарымен (білесік, жұзік, балдақ, сырға, тұмар) таныстыру. Мұсіндеу тәсілдерін қолдана отырып, өзіне ұнаған бүйымдарды мұсіндеу, оларды таяқшамен безендіру. Жеке жұмыстарын ұжымдық композицияларға біріктіру дағдыларын қалыптастыру.
Жапсыру		Балаларды ересектер дайындаған ірі және ұсақ элементтерді қағаз бетіне орналастыру және жапсыру арқылы ұжымдық композиция құрастыруға баулу. Геометриялық фигуralардың (дөңгелек, шаршы, үшбұрыш) ортасына, бұрыштарына дайын ою-өрнектерді жапсыру арқылы киіз, кілем, көрле, алаша орамал жасау. Жапсыру барысында қауіпсіздік техникасы ережелерін сақтауга, ұқыпты болуға баулу.
Музыка		Музыка тындау Ересектердің орындауындағы және аудио-бейнежазбадан музыка тындауға үйрету. Музыкалық шығарманың көркем құралдарын: дауысы (акырын-қатты), қарқыны (жылдам-баяу), көніл-күйі (мұнды, көнілді) байқауға үйрету. Ән айту. Ән айту дағдыларын дамытуға ықпал ету: ре (ми) — ля (си)

диапазонында, барлығымен бір қарқында әнді таза айту, сөздерді анық айту, әннің сипатын жеткізу (көңілді, созып, ойнақы айту).

Музыкалық-ырғактық қозғалыстар.

Музыкамен жүру мен жүгіруді ырғақты орындау, шеңбер бойымен бірінің артынан бірі жүру және шашырап жүргуге үйрету.

Музыканың басталуы мен аяқталуына сәйкес қимылдарды орындау, қимылдарды өз бетінше бастау және аяқтау



Бекітемін:
ЖШС «Балнұр»
б/балабақшасының
менгерушісі 11.07.2023
Толегенова

Білім беру үйімі: ЖШС «Балнұр» б/б

Тобы: ортаңғы «Балапан»

Балалардың жасы: 3 жастағы балалар

Жоспардың құрылу кезеңі: мамыр 2024 жыл

Айы	Үйымдастырылған іс-әрекет	Үйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
Мамыр	Дене шынықтыру	<p>Сауықтыру-шынықтыру шаралары. Балалардың денсаулығын және жергілікті жағдайларды ескере отырып, табиғи факторлар: ауа, күн, суды пайдалана отырып, шынықтыру шараларының кешенін жүзеге асыру. Балаларды үй-жайда женіл киіммен жүргүре үйрету. Күн тәртібіне сәйкес олардың таза ауада болу ұзақтығын қамтамасыз ету. Серуенде қимылды ойындар мен дene жаттығуларына қатысуға қызығушылықты арттыру. Шынықтыру шараларын жүргізуде балалардың денсаулық жағдайын ескере отырып, жеке тәсілді жүзеге асыру. Шынықтыру шараларын жүргізу, жаттығулар мен массаж жасау. Күн тәртібіне сәйкес балалардың күнделікті таза ауада болуын қамтамасыз ету. Ересектің көмегімен шынықтыру тәсілдерін орындау дағдыларын қалыптастыру. Тыныс алу жаттығуларын жасау.</p> <p>Салауатты өмір салты дағдыларын қалыптастыру. Сезім мүшелерін ажыратуға және атауға (көз, құлак, мұрын, ауыз) үйрету, олардың ағзадағы рөлі және оларды қалай қорғауға, күтүге болатыны туралы түсінік беру (ұсақ заттарды құлаққа, мұрынға тықпау).</p>

	Денсаулықтың құндылығы туралы түсінікті дамыту; ауырмауға, денсаулықты сақтауға ынталандыру, «салауатты өмір салты» және оны ұстану туралы алғашкы түсініктер беру.
Сөйлеуді дамыту	Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті. Дауысты (а, ә, е, о, ү) және кейбір дауыссыз (п-б, к-қ, т-д, ж-ш, с-з) дыбыстарды анық айтуда, дыбыстардың артикуляциясын нақтылауда және бекітуда, артикуляциялық аппаратты дамыту, сөйлеу қарқынын өзгерту қабілетін дамыту: баяу сөйлеу, жаңылтпаштар айтуда.
Көркем әдебиет	Оқылған шығармадан ең қызықты, мәнерлі үзінділерді қайталауда, балаларға сөздер мен қарапайым сөз тіркестерін қайталауда айтуда мүмкіндік беру. Ересектермен бірге ертегілерді, қарапайым көріністерді ойнауда, бірлескен ойындарға қатысуға ықпал ету, онда жеке репликаларды, кейіпкерлердің эмоционалды образын беруге баулу. Балаларды тақпактар мен шағын өлеңдерді жатка айтуда үйрету
Қазақ тілі	Сөздік қор. Ауызекі сөйлеуде түрлі балалар әрекеттерінде қоршаған орта заттарды мен табиғат нысандарының атауларын өздігінен қолдануды қалыптастыру. Қоршаған ортадағы құнделікті жиі қолданылатын туыстық қатынасқа байланысты сөздерді («бөле», «ага», «апа», «іні», «қарында»), тұрмыстық заттардың, жемістердің, жануарлардың, төрт түліктің атауларын айтуда және түсіну дағдыларын қалыптастыру. Баланың сөздік қорын дамытуда, санамақтар, тақпактар, жаңылтпаштарды жаттауда..
Математика негіздері	Геометриялық фигуналар. Балаларды геометриялық фигуналармен: үшбұрыш, шаршы, дөңгелекпен таныстыруды, ұстасуда және көру тәсілдері арқылы атаптауда.

	<p>фигураларды зерттеуге мүмкіндік беру.</p> <p>Кеңістікті бағдарлау.</p> <p>Өзінің дене мүшелерін бағдарлау және осыған байланысты өзіне қатысты кеңістік бағыттарын анықтау: үстінде-астында, алдында-артында, он-сол.</p>
Коршаган ортамен таныстыру	<p>Еңбекке баулу.</p> <p>Таныс мамандық иелеріне құрметпен қарау, олардың еңбек нәтижелеріне қамқорлық таныту. Балаларды ересектердің еңбегін бақылау негізінде ойын әрекетіне ынталандыру. Мүмкіндіктеріне қарай күтүшіге, аула сыйыруышыға көмек көрсетуді ұйымдастыру. Өзгенің еңбегінің нәтижесіне құрметпен қарауға тәрбиелеу, көмек көрсету ниеттерін қолдау</p> <p>Табиғаттағы маусымдық өзгерістер.</p> <p>Ауа-райының жағдайын анықтау (сүүк, жылы, ыстық), табиғат құбылыстарын бақылау (маусымдық), бақылау күнтізбесінде жылдың қысқы, көктемгі, жазғы және күзгі мезгілдеріндегі ауа-райының жай-күйін белгілеу</p>
Құрастыру	<p>Балаларды..растыру.а.ызы.ушылы.ын арттыру, конструкторларды.т.рлерімен таныстыру.</p> <p>..растыру да.дыларын дамыту, негізгі ..рылыс блшектерін: текшелер, кірпіштер, цилиндрлер, .шб.рыштар, призмаларды ажырата білуге, атау.а ж.не .олдану.а .йрету, б.рын алын.ан да.дыларды: т.сеу, бекіту,.ою .олдана отырып, жа.а .имараттар салу</p>
Сурет салу	<p>Сурет салу кезінде қарындашты, қылқаламды қатты қыспай, дұрыс ұстауды үйрету. Қылқаламмен бояуда оны бояуға ақырын батыруды, алынған артық бояуды құтының шетіне қылқаламды ақырын басынан басып, ағызып жіберіп бояуды, бояудың келесі түсін қолдану үшін қылқаламды басқа түске салmas бұрын жақсылап сұға шайып алып қолдануды, жуылған қылқаламды жұмсақ матамен немесе қағаз</p>

		<p>майлышпен сұртіп кептіруді үйрету.</p> <p>Бір заттың немесе түрлі заттардың суретін салуды қайталай отырып, қарапайым сюжеттік композициялар жасауға үйрету, тұтас қағаз парагына бейнені орналастыру, қызыл, сары, жасыл, көк, кара, ақ негізгі түстер мен олардың реңктерін (қызылт, көгілдір, сүр) қолдану.</p>
Мұсіндеу		<p>Сазбалышықтан, ермексаздан мұсіндеуге қызығушылыққа баулу.</p> <p>Сазбалышық, ермексаз кесектерінен бөліп алу, домалату, ширату, созу, жаю тәсілдерін пайдалана отырып, көгөністер мен жемістерді, кейбір заттарды, азық-тұлік тағамдарын мұсіндеуге үйрету.</p> <p>Кесектерді алакандарының арасында домалату, есу, жаю тәсілдері арқылы заттарды мұсіндеу (ыдыстар, ойыншықтар).</p> <p>Бірнеше бөліктерді қосу, қысу, біріктіру арқылы өсімдіктерді және жануарларды мұсіндеу дағдыларын қалыптастыру</p>
Жапсыру		<p>Желімдеудің техникасын үйрету: желімді қылқаламға, мұқият жағып алу, жаймадағы дайын үлгіге жағу, желімнің қалдықтарын сұртуге майлышты қолдану..</p>
Музыка		<p>Музыка тындау</p> <p>Ересектердің орындауындағы және аудио-бейнежазбадан музыка тындауға үйрету.</p> <p>Музыкалық шығарманың көркем құралдарын: дауысы (ақырын-қатты), қарқыны (жылдам-баяу), көніл-күйі (мұнды, көнілді) байқауға үйрету.</p> <p>Ән айту.</p> <p>Ән айту дағдыларын дамытуға ықпал ету: ре (ми) — ля (си) диапазонында, барлығымен бір қарқында әнді таза айту, сөздерді анық айту, әннің сипаттын жеткізу (көнілді, созып, ойнақы айту).</p> <p>Музыкалық-ыргақтық қозғалыстар.</p> <p>Музыкамен журу мен жүгіруді ыргақты орындау, шенбер бойымен бірінің артынан бірі журу және шашырап жүргуге үйрету.</p> <p>Музыканың басталуы мен аяқталуына сәйкес қимылдарды орындау,</p>

қимылдарды өз бетінше бастау және аяқтау